

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ

Презентация

Тақырыбы: Дәрігердің кұзыретті емес, қарым – қатынасының кұқықтық жауапкершілігі (балалар мен ата - аналарының шағымдары).

Орындаған: *Кокиева Г*

Топ: *730 ЖТД*

Тексерген: *Мусина Г.Б*

Қарым-қатынас – адамдар арасындағы байланыстың орнауы мен дамуы, ортақ іс-әрекет қажеттілігі мен ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін күрделі көп жақты процесс.



«Қақтығыс» (конфликт) сөзі латынның conflictus – шекісу, жанжалдасу деген мағынаны білдіреді.

Қақтығыс дегеніміз дау-дамайға түскен субъектілердің бір-біріне қарсы шығып және жағымсыз эмоциялар қоса жүретін өзара әрекеттесу барысында туған маңызды қарама- қайшылықтарды шешудің шұғыл түрі.

«Тұлға аралық қақтығыс – бұл осы оқиғаға қатысушылардың қарама – қарсы тұру жағдайы, олар бұл жағдайды психологиялық проблема деп қабылдайды және басынан өткізеді, екі немесе бір жақтың қызығушылығын шешуге және пайда болған қайшылықты жеңуге бағытталған жағдай»



- ***Коммуникативтік дағдылар*** дегеніміз, парыз, адамгершілік, міндет, кәсіби этика туралы ғылымдарды белгілейді. Адамдар арасындағы болатын түрлі қиыншылықты жеңу үшін түрлі кәсіби қызмет дағдыларын кеңірек пайдаланған абзал.
- Науқас адамдармен жұмыс жасау – қиын әрі үлкен жауапкершілікті талап ететін қызмет.
- Дәрігердің кәсіби қызметі ауру адаммен байланысты: тірі ағзаларды құрайтын биологиялық жүйелердің ерекшеліктеріне ғана байланысты емес, сонымен қатар қоғамдық байланыстың әр түрлі болуы қайталанбас психикалық көрініс құрайтын тәуелділікке байланысты.

Дәрігер ауру адамға моральдық жағынан да қолдау көрсету қажет. Дәрігер мен ауру адамдардың арасындағы қарым-қатынас белгілі бір жүйеге түсу үшін дәрігердің де бойында адами қасиеттер болғаны дұрыс. Күйзеліске түскен жандардың ең басты емі - жан жылуы екендігін жақсы түсіну керек.

- Үстіне ақ желең киіп отырып, есіктен енді еніп үлгірмеген сырқатты сыздана қарсы алып, ызғарымен ықтыратын дәрігерлер де кездеседі:

-Алатыным аз айлық. Сенің асты-үстіңе түсіп бәйек болатын уақытым жоқ. Тезірек ауыратын жеріңді айт,- деп дікендейтін де дәрігерлер бар.

Науқас адам сенен тән саулығын жазар деп үмітпен келгенде, сен оның жан дүниесін де ауыртып жіберетін кездер кездесіп жатады. Сондықтан әрбір дәрігер жақсы маман болумен қатар, жан дүниесі де рухани бай, психолог болу қажет.

Әр адамның мүддесі болады. Адам болған соң оның көңілі бір нәрсені тілемей тұрмайды. Көңілінің тілеуі де, ол тілеуінің жолындағы амалы да адамына қарай түрлі болады. Неғұрлым қайратты болса, соғұрлым мақсаты да зор болады. Сол секілді науқас адамның бойындағы жігерлікті, қайраттылықты жүрегіне ұялата алсақ, қажеттілікті сезіндіре білсек, психикалық тіршілігінің мазмұнын байытатын қозғаушы күш болып табыламыз.

Сөзсіз қатынасу. Қатынас жасаған кезде басқа адамның физикалық бейнесінің жекеше белгілеріне назар аудару (бет әлпеті, қол, иық қимылдары, жестілері, позасы, интонациясы) арқылы қосымша мәлімет жинастырып, қатынасу процесін дұрыс бағытта жүргізуге мүмкіншілік алады, әсіресе көп мәліметті (сигналдарды) тындаушы адамның бет-жүзі береді. Бұл сөзсіз қатынасу арқылы дәрігер ойын ауру адам қабылдап, я қабылдамағанын, оның түсініп сенім білдіргенін немесе күмәнданғанын көрсетеді.

Қосақтастыру техникасы— бұл пациент пен бір дәрежелі психологиялық жанасу арқылы ем тиімділігін іске асыру. Басқа адамды түсіну және сезіну дәрігердің жеке тұлғалық психологиялық қасиеттеріне, яғни эмпатия қабілетіне байланысты болады. Сондықтан, бұл әдісті игеру үшін, дәрігер алдымен өзінің жекеше тұлғалық эмпатиялық қасиеттерін дамытып жетілдіру кажет. Егер науқаста, дәрігерді таңдау кұқығы болса, дәрігерде ондай мүмкіншілік жоқ, ол әр ауру адаммен қатынас жасауға даяр болуы керек. Мұнда, дәрігердің науқаспен алғашқы қатынасуы өте мағыналы болады, себебі бір қалыптасқан алғашқы пікірді өзгерту оңай болмайды.


Сұхбаттасу үстінде дәрігердің дене қалпы (поза), оның толық назар аударып, тыңдауға әзірлігін калыптастыру керек. Дәрігер науқас адамның көзіне үнемі тесіле қарауға болмайтынын ескере отырып, оған тек андасанда ғана көз тастағаны дұрыс болады. Бағалаусыз тыңдау техникасы бойынша ең маңызды шарт - үндемеу, икемдеу, ымдап қолдау және қызыққанын білдіру. Сұхбат кезінде аурудың қобалжып қапалануы, келесі жайлар арқылы бейнеленеді: оның сөз ырғағының өзгеруі, паузалардың пайда болуы, мысқал сөздерді жиі қолдана бастауы. Психологиялық жайсыз жағдай болғанның маңызды белгісіне жағатыны - аурудың сұраққа жауап беруден қашуы немесе жалпы мағынасыз фразаларды қолдануы. Науқас адам дау, талас немесе басқада психологиялық конфликт, шиеленіс болғанын жасыруға тырысады.

Дәрігердің балалармен және олардың ата-анасымен қарым – қатынас жасаудағы жауакершілі:

Үнемі жылы шырай таныту. Дәрігердің әрбір сөзі оның көңіл күйін білдіреді. Сөйлем жыл сөзден тұрады. Дамдармен араласуда жақсы көзқарас таныту, жымию, кулімсіреу қарым-қатынастың жақсы екенін көрсетеі.

Үнемі мадақтап отыру. Баламен қарым-қатынас жасауда үнемі мақтап, әрбір әрекетіне көңіл бөліп отыру баланы рухани өсуіне әсер етеді. Мақтау балаға қолдау көрсету, мінезін тәрбиелеу жолындағы ең маңызды кілт болып табылады.

Ынтымақтастық. «Бірігіп зерттеу» барысында адамдардың бір-біріне ынтымақтастығы, өзара қарым-қатынасына, таным әрекетінің нәтижесі оңды әсер ететінін атап өтуге болады. Егер ойлау мен әрекет етуде бірігу болса, қарым-қатынас ынтымақтастығы тиянақты болады.

The background is a gradient of blue, darker at the bottom. In the four corners, there are decorative white lines resembling a circuit board or neural network, with small circles at the end of the lines.

Назар аударып
тыңдағандарыңызға
рахмет!